БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...І ТУЫ

...ОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

... сентябрь | Жұма | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

**Машина-трактор станцияларының жұмысының жақсартылуы қамтамасыз етілсін, колхоз өндірісінің барлық салаларындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі олардың жұмысы күшейтіліп, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігі жөніндегі жоспарлардың орындалуына МТС-тердің жауапкершілігі арттырылсын.**

(Партияның XIX съезінің СССР-ны өркендетудің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасынан).

## ...дауда

...асында жұмыс
...ия күші жеткілік-
... жүретін әрбір
...әрбір комбайнның,
...йтын әрбір жа-
... бойы өнімді жұ-
... етуде.

...гінның көпшілігі
...да. Олай болса,
...к дайындаудың
...омбайнның өнімді
...ыз етуге байла-
...ТС директорлары
... председательдері
...і жұмыс істеуіне
...раларды қолдануы

...н жыйнау мен
...арайы мейлінше
...ақ, біздің облы-
...ауарайының кә-
...ына сеніп, жайба
...Сондықтан ауа-
...кезін пайдаланып.
...кейке астық тан
...інше жеке қар-

...гін жыйнау мен
...тарының ең ше-
...астық дайындау
...олуы астық қыр-

## Болгар Халық Республикасы Халық Жыйналысы Президиумының Председателі
## *Георгий Дамянов жолдасқа*

СОФИЯ

Болгар Халық Республикасының ұлттық мерекесіне байланысты, Председатель жолдас, Сізден өзімнің құттықтауымды және СССР Жоғарғы Советі Президиумының достық құттықтауын, сонымен қатар, болгар халқының онан әрі табысқа жетуіне тілектестігімізді қабыл алуыңызды сұраймын.

**Н. ШВЕРНИК.**

---

## Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
## *Н. М. Шверник жолдасқа*

МОСКВА

Болгар Халық Республикасының ұлттық мерекесі күні, капиталистік және фашистік тепкіден біздің азат етілуіміздің 8 жылдығы күні, Председатель жолдас, Халық Жыйналысы Президиумының атынан, бүкіл болгар халқының және өз атымнан шын жүректен білдірген алғысымыз бен құттықтауымызды қабыл алыңыз.

Отандық майданға біріккен халықтың айбынды патриоттары Болгария коммунист партиясының басшылығымен халықтардың және біздің халқымыздың азат етушісі —Совет Армиясының даңқты жеңістеріне сүйене отырып, 1944 жылғы 9 сентябрьде монархиялық -фашистік топты құлатып, халықтық -демократиялық өкмет орнатты.

Еліміздегі еңбекшілер, Димитровтың бізге қымбатты өсиеттерін жүзеге асыра отырып, Совет Одағының орасан зор қалтқысыз көмегі мен болгар халқының ең жақын досы Сталин жолдастың аталық қамқорлығы арқасында, азаттық алғанымыздың 8 жылдығын зор жігермен қарсы алып, бесжылдық халық шаруашылық жоспарын —социализм негіздерін орнатудың жауынгерлік программасын төрт жылда орындау үшін өзінің барлық күшін жұмылдыруда.

Болгар халқы өзінің келе жатқан жолы—коммунизм орнатып жатқан ұлы совет халқының соңынан еру жолы, құрылыс жолы, халықтық демократия елдері-

## Болгар Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі
## *Вылко Червенков жолдасқа*

СОФИЯ

Болгар Халық Республикасының ұлттық мерекесіне байланысты, Председатель жолдас, Сізден менің шын жүректен білдірген құттықтауымды және туысқан болгар халқының жаңа, халықтық -демократиялық Болгария орнатуда онан әрі табысқа жетуіне тілектестігімді қабыл алуыңызды сұраймын.

**И. СТАЛИН**

---

## Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі
## *И. В. СТАЛИН жолдасқа*

МОСКВА, КРЕМЛЬ

Қымбатты Сталин жолдас!

Жеңімпаз Совет Армиясының Болгарияны фашизмнен және империалистік құлдықтан азат етуінің сегіз жылдығы күні, бүкіл болгар халқы мен оның үкметі атынан Болгарияның ең жақын досы және қорғаны, Сізге және Сіз арқылы—ұлы Совет Одағының үкметіне, бүкіл совет халқына, қуатты Совет Армиясына шын жүректен ықлас білдіріп, алғыс айтуыма рұқсат етіңіз.

Бұл күні болгар халқы болгар- совет достығының өзі үшін шешуші маңызы бар екенін терең түсінетіндігін, бұл достықты барлық күшімен дамытып, нығай-

табысты аяқтау үшін әрбір колхозда қажетті жағдайдың туғызылуына қарамастан бұл жұмыста артта қалуға төзуге тіпті де болмайды.

бастай білуге оларды астық үшін күресте жанқиярлықпен еңбек етуге жұмылдыра білуге міндетті.

## Облыстық XI партия конференциясының жабылуы

10 сентябрьде облыстық XI партия конференциясы өзінің жұмысын одан әрі жүргізді.

Таңертеңгі мәжлісте облыстық партия комитетінің есепті баяндамасы бойынша жарыссөздің жалғасы болды. Жарыссөзде сөйлегендер: Совет аудандық партия комитетінің секретары Бәшіров, Максимов, Приешім аудандық партия комитетінің секретары Сәрсенбаев, Петропавл қалалық партия комитетінің секретары Поцелуев, ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары Белетченко, Преснов ауданындағы Маленков атындағы колхоздың председателі Кухаренко, облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Омельяненко, Конюхов аудандық партия комитетінің секретары Макаров, облыстық партия комитетінің мектептер бөлімінің меңгерушісі Митрофанов, облыстық байланыс басқармасының бастығы Жақыпов, Булаев МТС-нің директоры Лепехин, «Ленинское знамя» газетінің редакторы Третьяков, партколлегия секретары Лойко, облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары Исаева, облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Полипов, Соколов аудандық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі Гришко жолдастар.

Облыстық партия комитетінің есепті баяндамасы бойынша жарыссөзде барлығы 27 адам сөз сөйледі.

XI партия конференциясы Қазақстан К(б)П облыстық комитетінің жұмысын қанағаттанарлық деп тауып, облыс партия ұйымының алдында тұрған міндеттер көрсетілген кең қарар қабылдады.

Конференция облыстық партия комитетінің, тексеру комиссиясының жаңа құрамын және Қазақстан большевиктерінің VI съезіне делегаттар сайлады.

Делегаттар зор өрлеу үстінде халықтардың данышпан көсемі Сталин жолдасқа құттықтау қабылдады.

Конференцияның соңында делегаттар партия гимні —«Интернационалды» айтты.

## Озат колхоздың егіншілері

ҮРЖАР. (Семей облысы). (ҚазТАГ). Агроном Верещагин жолдас председатель болып істейтін Үржар ауданындағы «Красные горные орлы» ауылшаруашылық артелі жан-жақты өркендеген егіннен үнемі мол өнім алатын үлгілі шаруашылық. Бұл колхозда егін комбайндармен жыйналады. Дәнді дақылдарының әр гектарынан орта есеппен 11 центнерден өнім алынады.

Көпжылдық шөптердің тұқымын өсіру жақсы жолға қойылған. Артель жыл сайын шаруашылықтың бұл саласынан көп табыс табады.

Колхоз басқармасы майлы дақылдар егістігінің көлемін кеңейтуге де зор назар аударған. Быйыл 700 гектардан аса жерге күнбағыс, 60 гектар жерге зығыр егілді. Механизаторлар гектар сайын 8—10 центнерден зығыр тұқымын оастыруда. Күнбағыстың да әр гектарынан орта есеппен 10 центнерден өнім алынбақшы. Егіншіліктің әрбір саласы колхозға көп пайда келтіруде.

## Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрі

## *А.Я. Вышинский жолдасқа*

МОСКВА

Жеңімпаз Совет Армиясының Болгарияны гитлерлік оккупациядан азат етіп, болгар халқының жексұрын монархиялық-фашистік үстемдіктен құтылуына көмектескен күнінің сегіз жылдығына байланысты, Министр жолдас, болгар халқының ұлы Совет Одағының халықтарына деген шын ықыласын білдіруіме рұқсат етіңіз.

Болгар халқы елімізде социализмді тезінен орнату ісінде өзіне көрсетіп отырған кеңпейілді және қалтқысыз көмегі үшін Совет үкметіне және Сталин жолдасқа деген шексіз ықыласын жүрегінде мәңгі сақтайды. Біздің жас республикамыздың жерінің тұтастығын және оның мемлекеттік дербестігін бұзуды көздеген империалистердің әрекеттеріне карсы, оның халықаралық жағдайын нығайту үшін совет өкілдерінің халықаралық конференциялар мен кеңестерде біздің жас республикамызға көрсеткен баға жетпес көмегін болгар халқы ешуақытта ұмытпайды.

**МИНЧО НЕЙЧЕВ,**
**Болгар Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрі.**

бесжылдық ж...
міндеттер, Со...
сінген, игілік...
дүние жүзіні...
дың қантөгіс...
жер бетіндегі...
түседі.

Бүкіл ду...
қамалы —ұл...
Мызғым...

Біздің ұ...
қымбатты Ста...

## Грузия К(б)П Орталық Комитетінің пленумы

ТБИЛИСИ, 5 сентябрь. (СОТА). Бүгін Грузия К(б)П Орталық Комитетінің пленумы болды. Пленум Грузия К(б)П-ның кезекті XV -съезі 1952 жылы 15 сентябрьде шақырылсын деп қаулы алды.

Съездің күн тәртібі: Грузия К(б)П Орталық Комитетінің есепті баяндамасы—баяндамашы Орталық Комитеттің Секретары А. И. Мгеладзе жолдас, Грузия К(б)П Тексеру Комиссиясының есепті баяндамасы—баяндамашы Тексеру Комиссиясының председателі А. Д. Георгадзе жолдас, БК(б)П Орталық Комитетінің жобасын—«Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларын» талқылау; БК(б)П Орталық Комитетінің жобасын —«Партияның өзгертілген Уставының текстін» талқылау; Грузия К(б)П басшы органдарын сайлау; БК(б)П XIX съезіне делегаттар сайлау.

## Қазақстан К(б)П Солт... Комитет...

1952 жылғы 11 сентябрьде, Қазақстан К(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық XI партия конференциясы сайлаған ҚК(б)П облыстық комитетінің бірінші пленумы болды.

Пленум ұйымдастыру мәселелерін қарады.

Пленум облыстық партия комитетінің бюро мүшелерін сайлады.

**ҚАЗАҚСТАН К(б)П ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БЮРО МҮШЕЛЕРІ:**

**З. А. Ағыбаев, Н. С. Бобров, А. А. Калинин, Г. В. Лосев, Г. Н. Максимов, С. Е. Ниязбеков, М. В. Попов, А. С. Поцелуев, Қ. Р. Оспанов.**

**ҚК(б)П ОБКОМІНІҢ БЮРО МҮШЕЛІГІНЕ КАНДИДАТТАР:**

**И. С. Белетченко, Д. М. Омельяненко, И. П. Полипов.**

Пленум ҚК(б...
бірінші секрета...
жолдасты, екін...
**Ниязбеков** жолд...
секретарлығын...
сайлады.

Пленум ҚК(б...
бөлім меңгеруш...
Партия, кәсі...
гандары бөлім...
**М. В. Попов** ж...
Насихат және...
сі болып **М. Р**...
Ауылшаруаш...
шісі болып **И.** ...
Өнеркәсіп-тра...
шісі болып **П.** ...
Әкімшілік бө...
**И. Е. Липин** ж...

арналған
ушылардың
құттықтауы
Министрлер
ГЕ
КРЕМЛЬ.

стықтың өмір оз-
болушы Лениннің
ірті, Георгий Ди-
апарушы—Выл-
бастаған Болгария
ді берік сеніммен
нің тең азаттық
руде.
Совет Одағы Ком
X съезін шақыру
пен қарсы алуда.
бесжылдық жос-
валардың жоба-
зор міндеттер біз
жылдықты мерзімі-
орындау жолында
пен социализм
а табыстарға же-

на алған біздің
бастаған бейбітші
иализм лагерінде
к отыр. Ол дүние
ін тұтандырушы
ң Балқандағы ма-
е үлес қосу үшін

і бейбітшіліктің,
змнің қуатты ті-
елсіздігіміз бен
ң, біздің елі-
истік дамуының
лі—жеңімпаз Со-
я берсін!
рман Коммунист

үшін және бей
грейін алу үшін
қ болсын, біздің
із, біздің сенімі-
мбатты Сталин

# Партиямыздың XIX съезін жаңа табыстармен қарсы алайық!

Егіншілік бұрынғыдан да гөрі өнімді және жетілген болуға тиіс, өркендеген екпе шөбі мен дұрыс ауыспалы егісі болуға, техникалық, жемшөп овощь дақылдары мен картоп егісі көлемінің үлес салмағы неғұрлым жоғары болуға тиіс.

(Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасынан).

## Аудандардың астық дайындаудағы социалистік жарысы

Дайындау Министрлігінің облыстық өкілінің осы жылғы 10 сентябрьдегі мәліметі бойынша

(Процент есебімен).

| Аудандар | Тапсырылған астық |
|---|---|
| Булаев | 105,9 |
| Полудень | 95,5 |
| Совет | 93,7 |
| Петропавл | 81,1 |
| Конюхов | 80 |
| Приешім | 76,3 |
| Соколов | 75,7 |
| Октябрь | 74,5 |
| Мамлют | 70 |
| Ленин | 68,9 |
| Преснов | 59,7 |
| Совхоздар бойынша | 118,2 |
| Колхоздар бойынша | 71,8 |

## Жоспардан тыс астық

Бұл күндері Мамлют ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары егін жыйнау мен астық дайындауды қызу қарқынмен жүргізіп жатыр. Олар жұмысты күні- түні бірдей жүргізіп, егін жыйнау мен астық дайындауға жаңа қарқын туғызуда. Егіншілер БК(б)П -ның XIX съезінің ССРО -ны өркендетудің бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасын қызу талқылап, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алған-ды. Қазір олар алған міндеттемелеріне лайық еңбек етіп жүр.

«Заря коммунизма» колхозының мүшелері быйыл бітік егін өсірді. Олар егінді



Образцовая МТС-нің комбайншысы И. Ковальчук жолдас өзінің екі көмекшісімен «Сталинец —6» қос комбайнымен 30жұмыс күні ішінде 900 гектар жердің егінін жыйнауға міндеттенген болатын. Ол өзінің міндеттемесін абройمен орындауда.

Қазірдің өзінде ол Ленин ауданындағы «Путь социализма» колхозында 800 гектар жердің егінін жыйнады.

СУРЕТТЕ: «Путь социализма» колхозының егін даласындағы **Ковальчук** жолдастың агрегаты.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## БҰЛ КҮНДЕРІ

Күз. Жақында ғана жайқалған егін орны аппақ болып көрінеді. Тек анда-санда жерде шөккен атан түйедей сарғылт түсті сабандар жатыр. Комбайн агрегаттары да шалқыған егіндердің етек-жеңін қаусырмалап орып келеді. Көбінің алдында ат төбеліндей ғана оратын егін қалған. Озат бригадалардың ком-

бек өнімділігін арттыра білді. Күн сайын дайындау пункттеріне 200—250 центнер астық жөнелтіп отырады. Веялкамен астық тазалаушы Мәну Жанпейісованы, Биғайша Оразтаеваны, Көпей Көтееваны колхозшылар мақтан етеді. Олар егін орағы басталғаннан бері мемлекетке 2 мың центнер астық жөнелтті. Бұл әйел-

## Зябь жырту қарқыны баяу

БК(б)П-ның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасында егіншіліктің мәдениетін батыл жақсартып, дәнді дақылдарының шығымдылығын едәуір арттыру көзделген. Егін өнімін арттыруда зябьтің зор маңызы бар. Ерте жыртылған зябь —мол өнімнің негізі.

Алайда, Булаев және Калинин атындағы МТС-терде зябь жыртудың барысы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Бұл жөнінде басты кемшілік сол — МТС-тер зябь жыртуға тракторларды жеткілікті бөлмей келеді. Ал, аталған МТС-терде зябь жыртуды қазірден бастап өрістете жүргізуге толық мүмкіншілік бар. Демек зябь жыртудың мұншалықты баяу жүргізілуінің негізгі себебі—бұл жұмысқа МТС басшыларының жеткілікті назар аудармай отырғандығында. Рас, бұл МТС-тер зябь жыртуға бірлі-жарым трактор бөлді. Ал, осы тракторлар мен зябь қалай жыртылып жатыр? Зябь жыртудағы тракторлар жұмысты мейлінше өнімсіз істеп жүр. Ол тракторлардың көпшілігі дерлік техникалық жағынан жарамсыз. Сондықтан олар жұмыс үстінде жиі-жиі тоқтай береді. МТС-тер тракторлардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етпейді. Олардың жылжымалы мастерскойлары жұмыс басына уақытылы келіп тұрмайды.

Істің жайы Калинин атындағы МТС-те дәл осындай. Оның қамтуындағы Сталин атындағы колхозда онға жуық трактор бар. Бұлардың тең жартысын зябь жыртуға қосуға болады. Алайда, бұл колхозда зябь жыртуға күні бүгінге дейін бірде-бір трактор қосылмай келеді. Бұл тракторлар-

## Бау-бақшадан алынған кіріс

Октябрь ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозы үстіміздегі жылы бірінші рет 12 гектар қарбыз және қауын екті. Бақшашы Трофим Макарович Батеха жолдас өзіне жүктелген міндетін орындай отырып, оларды сапалы өсірді. Колхозшылар қарбыздың әр гектарынан 1.000 қарбыздан алды. Бұл қарбыздардан колхоз 20 мың сомнан артық пайда табады.

Батеха жолдас қазірдің өзінде келесі жылы да жемістер егу үшін тыңғылықты әзірлік жасауда. Ол 15 гектар қарбыз егетін, 10 гектар суармалы огород және 20 гектар жидек-жеміс өсіретін жер дайындап қойды.

## Венадағы халықаралық жәрменкедегі Совет павильонының табысы

ВЕНА, 9 сентябрь. (СОТА). Венада халықаралық күзгі жәрменке ашылды. Оған 23 елдің сауда ұйымдары қатысуда, оның ішінде Австрия, Совет Одағы, Чехословакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Англия, Италия және Франция бар.

ССРО бұл жәрменкеге бірінші рет қатысып отыр. Мұнда бір айдың ішінде Совет павильонына тамаша үй салынып аяқталды.

Совет Одағы жәрменкеге 25 тонна жүк көтеретін автомобиль, жеңіл автомобильдер, жаңа шығарылған автоматтық станоктер, астық және көмір комбайндары, жол машиналары, жаңа шыққан медициналық препараттар, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің тамаша шығарылған бұйымдары, сол сияқты, соңғы уақытта совет оқымыстылары жаңадан өсіріп шығарған көптеген ауылшаруашылық дақылдарын әкелді. Әдемі салынған суреттер мен картиналарда ССРО-дағы табиғатты өзгерту, коммунизмнің ұлы құрылыстары, зәулім биік үйлер бейнеленген.

Совет Одағының павильонына бүкіл Вена халқы зор көңіл бөлуде. Алғашқы екі күнде павильонға 193 мың адам келді. Жәрменке болғаннан бері павильондардың бірде-біріне мұндай көп халық келіп көрген емес, дейді мұнда тұратын адамдар.

Павильонға келушілер өздерінің көргендері туралы мынадай сөздер жазып қалдыруда.

«Бұл павильон —бейбітшілік ісіне қосқан ең таңдаулы үлес. Бергер».

«Жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі бірінші мемлекетінің табыстары менің жүрегімді қуаныш пен мақтанышқа толтырады. Визнер».

Совет павильонына қойылмағанына қарамастан екі нәрсе мұнда бәрінен жақсы көрінуде. Біріншісі —адам, екіншісі—бейбітшілікке деген тынымсыз ерік. Франц Микуш».

Совет павильоны Австрияның және басқа елдердің Совет Одағымен сауда қатынасын жүргізуге деген іскер топтарының үлкен назарын тудырды. Австрияның бір фирмасының өкілдері фотоаппараттар мен оптикалық жабдықтарды сатып алығысы келетіндігін, совет өмірін білгісі келетіндігін мәлімдеді. Оңтүстік америка өкілдері советтік тігін машиналарын сатып алуға тілек білдірісті.

тары, Греция, Бразилия, Голландияның делегаттары және гоминданшы қарсы дауыс берді. Қажетті жеті дауыс алмағандықтан қарардың жобасы Хауіпсіздік Советінде қабылданбады.

Мұнан кейін председательдік етуші Біріккен Ұлттар ұйымына кіру үшін Жапония және американ -француз қолжаулықтары —Баодай Вьетнамы, Лаос және Камбоджидің жаңадан берген арыздарын қарау жөніндегі Хауіпсіздік Советінің күн жоқ, өйткені, совет ұсынысын қараумен негізгі мәселе аяқталды.

Бразилия мен Греция делегаттары біраз уақытқа екінші пунктті қарауды кейінге қалдыра тұру туралы қарар қабылдауды жақтап, жаңадан берілген арыздар деп аталатындарды талқылауды, атап айтқанда—Жапония мен басқа елдердің арызын талқылауды ұсынды. Бұл мәселе жөніндегі айтыс келесі мәжлісте болатын болды. Ол мәжліс 10 сентябрь күні болады.

## Соғыс пен фашизмге қарсы күрес Аптасы

БЕРЛИН, (СОТА). Фашизм құрбандары мен оның тұтқынында болғандардың және қарсылық білдіру жөніндегі күрескерлердің Халықаралық федерациясының шақыруы бойынша Германияда, сол сияқты, басқа елдерде 7 сентябрьден 14 сентябрьге дейін соғыс пен фашизмге қарсы күрестің Апталығы өткізіледі. Германияның батыс бөлегінде соғысқа әзірлік пен фашизмнің қайта бас көтеруіне байланысты Батыс Германия мен Герман Демократиялық Республикасы халықтарының арасында осы Аптаның ішінде үлкен түсінік науқаны жүргізіледі.

## Египеттегі жағдай

### Али Махер үкметінің орнынан түсуі

ЛОНДОН, (СОТА). Лондон радиосының хабарлауынша, бүгін таңертең генерал Нагибтің бұйрығы бойынша саяси қайраткерлердің бірқатары тұтқынға алынған. Ресми мәліметтерге қарағанда, көрнекті 34 адам тұтқындалған. Оның ішінде ВАФД партиясының бас секретары Сираг эд-Дин, Египеттің бұрынғы премьер-министрі Хилали, саадистер партиясының бұрынғы вице-председателі Мухаммед Гуда және бұрынғы король кеңсесінің бастығы Фарук Афифи бар.

ЛОНДОН, (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Али Махер үкметі орнынан түскен.

Регент советі Египет қаруды күштерінің бас қолбасшысы генерал Нагибке жаңа үкмет құруды тапсырған.

### ЕГИПЕТ ТОҚЫМАШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚАНҒА ТҰНШЫҚТЫРУ

ЛОНДОН, (СОТА). Браззавиль радиосының хабарлағанындай, бүгін таңертең Александриядағы қалалық түрменің жанында осы жылы 12 август күні Кафр эд-Даварадағы тоқыма фабрикасының ереуіліне қатысқаны үшін өлім жазасына кесілген Мустафа Хамис және Мухаммед Хасан Бакри өлтірілді.

Арнаулы соғыс трибуналы ереуілге қатысқан 12 жұмысшыны үш жылдан 15 жылға дейін мерзіммен азап жұмысына үкім етті.

деп айыптап түрм
азап соққысына п
қайтыс болған.
оның туысқандары

Облыстық оқу
немесе өз қызм
тін аға бухгалт

АЛМАТЫ ҚА
та жұмыс істеу
Тасшылар, п
шеберлері, басқ
КЕРЕК. Жеке б
ханамен, ал, се
үймен қамтамас
Жұмыс жайы
қаласы, Сталин
Қадр бөліміне
болады.

«ЛЕНИН ТУЬ
циясына түпкілік
белі машинистка
Еңбекақы сме
неді.
Жұмыс жайы
уақытында Петр
үйге келіп, түсі

Облыст
19
жазы
Газетке
кәсіпорын
совхоздар
жазылуға
Газетке
тұруын қамт

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, р
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс

УШ 01895. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлек